

Өңірде жалпы халық саны – 832,5 мың. Оның 46,9 пайызы қала тұрғындары болса, қалған 53,1 пайызы ауылдық елді мекенде өмір сүреді. Жалпы 2021 жылмен салыстырғанда облыс халқының саны 5,5 мыңға көбейген. Сондай-ақ Қызылорда облысы туу көрсеткіші бойынша республикада 4 орында. Сәйкесінше облыста күніне ота есеппен 55 сәби дүниеге келсе, айына 1600-ге жуық нәресте туылады.

A close-up photograph of a newborn baby's hand, held gently in an adult's palm. The baby's hand is small and pinkish, with a pink identification band wrapped around the wrist. The band has a circular logo and some text. The background is softly blurred, showing the adult's hand and part of their white clothing.

“ЖЖ” ақпарат

Ауданға 11 млрд 839 млн теңге инвестиция тартылған



Өткен жылдың қорытындысымен ауданда жоспарланған макроэкономикалық көрсеткіштердің барлығында өсім қалыптасқан. Тарқапты айтсақ, өнеркәсіп өнімдерінің өндірісі 166,7 пайызды құрап, 24 млрд 912 млн теңгенің өнімі өндірілген. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі жергілікті шаруашылықтардың күрші ақтау есебінен 100,1 пайызға орындалып, 9 млрд 74 млн теңгенің өнімі өндіріліпті. Ал негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 115 пайызды құрап, ауданға 11 млрд 839 млн теңге инвестиция тартылған. Облыс әкімдігі жанындағы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Асқарбек Есжанов осылай деді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



2-

Әр адал кәсіптің берекесі бар. Алла тағала да адал кәсіп істеген жандарға жұғымды нәсіп байлап, табысын арттырады. Яғни әрекетке берекет береді. Кент тұрғыны Нұрлыбек Әбілхановтың үй жиһаздарын жасаумен айналысып келе жатқанына он жылға жуықтапты. Әрине адамның кәсібін кеңейтетін де, тәжірибесін толықтыратын да – уақыт. Жасынан қолөнерге қызығатын Нұрлыбек әдепкіде дайын жиһаздарды құрастырумен айналысқан. Қазіргі заманауи үй жиһаздарының құрылымы күрделі екенін ескерсек, оны құрастырып, орналастыру үшін де бейімділік және көп уақыт пен темірді тәзім керек. Ал «трансформер» деп аталатын жиналмалы ағаш жиһаздардың әр бөлшегі өте бағалы. Сондықтан бұл орайда үлкен жауапкершілік те керек.

Қыат АХЕТОВ 

– Әр адамның өз табығатына қарай бейімділік болады ғой. Егер ата-анасының немесе басқа да жанашыр жақындарының бағыт-бағдарымен бойында бар бейімділігіне қарай кәсіп істесе, жұмысы берекелі болады екен. Мен ау баста туған-туыстарымның, таныстарымның өтінішімен сатып алған дайын үй жиһаздарын құрастырып беріп жүрмін. Дайын дүниені жинау сырт көзге оңай көрінгенімен, жұмыс барысында оның да өз қиындығы білінеді. Біріншіден, ол жұмыс икемділікті, аса ұқыптылықты қажет етеді. Өйткені қыруар қаржыға келген бағалы жиһаздың бір-біріне кірігіп, бекітілетін бөлшектерінің орнын ауыстырып алсансың,

қарай оның өтемі де болуы керек деп ойлаймын және ол – сенің Алла адалдан бұйыртып тұрған несібең. Ал несібеңден бас тартуға болмайды. Сонымен мен аудан ортңегінде көп үйдің жан жиһазын орнатып бердім. Күн өткен сайын өз жұмысыма кеңілім толып, содан бір жақсы әсер алатын болдым. Қазір бұл жаңа заманға сай жақсы тұрмыста өмір сүріміз керек дегенді көп айтып жүрміз. Бұл елсізді ақша шашып, үйге байлық жинап, қымбат жиһазға толтырып қою керек деген сөз емес. Менің ойымша, үйімізде тек бізге қажетті, біздің өмір сүрімізге қызмет ететін дүниелер ғана тұруы керек. Басы артық нәрсе үйді тарылтады әрі бөлмелердегі өзара эстетикалық

ағаштары жараланып, жаңа жиназ жарамсыз болып қалады. Екініңден қиналмай жұмыс істеуің үшін қажетті құрал-сайманың түгел болуы керек. Сондықтан мен ақырындап қажетті құралдар сатып ала бастадым. Өйткені басында жақын адамдардың өтінішімен тегін істеп беріп жүрген жұмысыма шақырғандар соңғы уақытта ақы төлеі бастады. Әрине қазіргі заманда еткен еңбегіңе қарай оның өтемі де болуы керек деп ойлаймын және ол – сенің Алла адалдан бұйыртып тұрған несібең. Ал несібеңден бас тартуға болмайды. Сонымен мен аудан төңірегінде көп үйдің жаңа жиһазын орнатып бердім. Күн өткен сайын өз жұмысыма көңілім толып, содан бері жақсы әсер алатын болдым. Қазір бз жаңа заманға сай жақсы тұрмыста өмір сүруіміз керек дегенді көп айтып жүрміз. Бұл еспесіз ақша шашып, үйге байлық жинап, қымбат жиһазға толтырып ою керек деген сөз емес. Менің ойымша, үйімізде тек бізге қажетті, біздің өмір сүруімізге қызмет ететін дүниелер ғана тұруы керек. Басы артық нәрсе үйді тартылудағы әрі белмелердегі өзара эстетикалық



Жалағашта жиһаз жасалады

Иә, ең алғаш кәсібін дайындап, жиһазды құрастырушы болып бастаған Нұрлыбек қазір үйінің жанынан шағын цех ашып, тапсырыс бойынша үй жиһаздарының түр-түрін жасап отыр. Бүгінде заманауи қарай адамдардың тұрмыстағы талғамы да өзгерді. Әсіресе киген

Аудан тұрғындарынан түскен тапсырысты қолдың жұмысымен үлгеріп, үдесінен шыға алмайтыны

Жиһаз цехында болдық. Біз барғанда ішінде қызу жұмыс жүріп

а) статистический анализ;

Ауданға 11 млрд 839 млн теңге инвестиция тартылған

БАҚ өкілдерінің басын қосқан жиында Асқарбек Темірбекұлы ауданда өткен жылы жүзеге асқан жұмыстар мен алдағы мақсат-міндеттерді кеңінен тарқатты. Сондай-ақ журналистердің де бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмады.

Барыс жылы жарқын жобалардың жүзеге асуымен жалағаштықтардың есінде қалды деп айтуға толық негіз бар. Қай саланы алып қарасаңыз да күрмеулі мәселелердің шешімін тапқанын аңғару қиын емес. Әсіресе бізді Асқарбек Темірбекұлының елді мекендер халқымен кездесуінде халық көтерген мәселелердің шешіміне жұмыс жасалып жатқаны қуантты. Кеше де аудан әкімінің биылғы жылдың еңшісіндегі жұмыстарға қатысты ақпарына құлақ асқанда елдің мәселесін ертенге қалдырмайтынын аңғардыс.

Ие, осы тұста тоқсан сайын өңір әкімінің халықпен кездесуінде қандай түйткілді мәселелер көтерілді? Бұған қатысты жергілікті билік нендей жобаларды қолға алды? Алды-мен осы сауалдардың түйінін тарқатайық...

Кіреберіс жолдар мен 16 ішкі көше асфальтталды

Былыр Жаңадария халқымен аудан әкімінің кездесуінде тұрғындар Есет батыр мен екіаралықтағы жолдың жайын жергілікті биліктің назарына салған. Асқарбек Темірбекұлы елді мекендерге кіреберіс жолдардың сапасына мән берілетінін айтып, шалғай ауылдың халқына көтерілген мәселені аяқсыз қалдырмауға уәде еткен. Көп ұзамай ауылға кіреберіс 17,1 шақырым жолдың орташа жөндеу жұмыстарына ел тайказанынан 123 млн теңге қаражат қаралып, кіреберіс жолдың 4,5 шақырымына жөндеу жұмыстары жүрді. Ал быыл облыс қазынасынан осы жолдың құрылысын толық аяқтауға 196 млн теңге қаражат қаралған.

Жалпы ауданда жол сапасына қатысты атқарылған жұмыстар легі мұнымен шектелмейді. Былыр Бұқарбай батыр ауылына кіреберіс жолдың мәселесі де толық шешімін тапқан болатын. Естеріңізде болса, бұған дейін аудан орталығына баратын Аққұм, Еңбек, Есет батыр мен Жаңадария жұрты дәл осы төте жолдың сапасы сын көтермегендіктен айналма жолда уақытын жоғалтқан. Ұлттық қордаң, сондай-ақ облыс қазынасынан бөлінген 196,5 млн теңгеге батыр атындағы ауылға кіреберіс жолдың 6,33 шақырымына асфальт төселді. Бұл шыдағына келгенде бір ғана ауылдың емес, үлкен жолдың бойымен кентке қатынайтын барша ағайынның мәселесіне айналған еді.

Барыс жылы ауданда елді мекендердегі ішкі көшелердің де жайы назарға алынған. Бұл бағыттағы жұмыстар «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында жүзеге асқан. Былырдың өзінде аудандағы 5 елді мекенде 16 ішкі көшенің сапасына мән берілді. Бұған аталған жоба шеңберінде 460,8 млн теңге қаражат қаралған. Нәтижесінде М.Шәменов ауылындағы 9, Мырзабай ахун елді мекеніндегі 2, шалғайда орналасқан Жаңадария мен Аққырдағы 1, Еңбек ауылындағы 3 және аудан орталығындағы 2 көшеге асфальт төселді. Сондай-ақ бұған дейін Аламесектегі ағайын бірнеше әкімнің назарына салған кіреберіс жолдың бойындағы көпірдің мәселесі де шешімін тапты. Қазіргі таңда бұған қатысты 134,4 млн теңгені құрайтын жобаның елді мекен халқы иілігін көріп отыр.

Атқарылған жұмыстың нәтижесі деп түйдік, қазір жол сапасына қатысты ел ішінде бұрынғыдай мәселе көп айтылмайды. Десе де биылдың өзінде Жалағашта жол құрылысы қарқын алғалы тұр. Облыс қазынасынан қаралған 1 млрд 584,7 млн теңгеге шалғайдағы Жаңатаалап пен Аққырға кіреберіс жолға күрделі жөндеу жүргізіледі. Сондай-ақ «Ауыл – ел бесігі жобасы» аясында 4 елді мекендегі 12 ішкі көшенің сапасына мән беріледі. Оның ішінде кентке тиесілі 5 көше болса, қалғаны ауылдық елді мекендердің еңшісінде.

Дәуімбай мен кенттің ортасын бүгінде теміржол кесіп өтеді. Арғы

беттегі ағайын кентке келу үшін көбіне сол шойынжолдан шаққа өтіп жүр. Мұның адам өмірі үшін қандай қауіпті екені соңғы 5-6 жылда айтылып та жатыр. Тіпті тұрғындар, бұған қатысты мәселені бірнеше әкімнің тұсында жергілікті биліктің назарына салған. БАҚ өкілдерінің басын қосқан брифингте Асқарбек Темірбекұлы дәл осы мәселеге нүкте қойды. Жағымды жаңалықты жұртпен бөліскен дұрыс шығар. Биыл жаяу жүргіншілерге етуге арналған аспалы көпірдің құрылысы басталады. Халықтың талап-тілегіне сүйене отырып жасалған жоба қолдау тауып, облыс қазынасынан 184,8 млн теңге қаражат бөлінген. Бүгінде мемлекеттік сатып алу жұмыстарының қорытындысымен мердігер мекеме де анықталған.

Ауылдық елді мекендерге көгілдір отын кіреді

Осыдан екі жыл бұрын ауылдық елді мекендерді былай қойғанда, кенттегі халықтың жылу маусымында көгілдір отынды тұтынуы арманға айналған. Аудан орталығындағы ағайынның газды асыға күткенін анық байқадық. 2021 жылдың ішінде жиында ауданға көгілдір отын келісімен оны пайдаланушылар қатары күрт өсті. Қазіргі таңда Жалағаш кентінде 3164 отбасы болса, оның 2 520-сы газ тұтынады. Мұнан бөлек 9 әлеуметтік нысан, 108 кәсіпорын орталықтандырылған газ желісіне қосылған.

табиғи газға ауыстырылды. Сонымен қатар кент орталығындағы 5 әлеуметтік нысанның қазандығын газға ауыстыру бойынша жобасметалық құжаттары әзірленіп, 4-еуі республикалық бюджеттің нақтылауына ұсынылды, – деді аудан әкімі Асқарбек Есжанов.

2 млрд 659 млн теңгеге 30 жоба жүзеге асқан

Барыс жылы ауданда жүзеге асқан жобалар жетерлік. Бастысы, бүгінде оның барлығы қарапайым халықтың қажетіне жарап тұр. Мұның бәрі ауданның қаржы-салық саясаты бойынша атқарылған жұмыстардың жемісі деуге толық негіз бар.

Былыр ауданның бюджеті 11 млрд 662 млн теңге болып бекітілген. Алдада жыл көлемінде қосымша бөлінген нысаналы трансферттер есебінен аудан бюджетінің жалпы көлемі 14 млрд 291 млн теңгеге жетті. Ал ауданның жалпы түсімі 14,1 млрд теңгені құрап, жоспар 100,3 пайызға орындалған.

Өткен жылы ауданда жалпы құны 2 млрд 659 млн теңгені құрайтын 30 жоба жүзеге асқан. Тарқатып айтсақ, оның төрттеуі ауыз су желісіне, тоғызы жол құрылысына, біреуі көпірлерді жөндеуге, тағы біреуі тұрғын үйлерді күрделі жөндеуге тиесілі. Сондай-ақ әлеуметтік нысандар бойынша 3, қазандыру бойынша 4, елді мекендерді жарықтандыру, абаттандыру бойынша 8 жоба жүзеге асқан.



Асқарбек Темірбекұлы көгілдір отынның иілігін тек кенттің халқы ғана емес, ауылдағы ағайын да көруі тиіс деп есептейді. Бұл мақсатта жасаған жарқын жобалары да жоқ емес. Бүгіннің өзінде аудан іргесіндегі Ақсу мен М.Шәменов елді мекенін газдандыруға қатысты жоба-сметалық құжаттар әзір, тіпті қаржыландыруға бюджеттік өтінім де тапсырылған. Қос елді мекенге көгілдір отын жеткізуге қатысты жобаның жалпы құны 1 млрд теңгеден асып жығылады.

– Таң, Жаңақоныс, Аққұм, Бұқарбай батыр, Қаракөкөң, Далдабай елді мекендеріне газ желісін тартуға қатысты жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге жергілікті бюджеттен 38 млн теңге бөлініп, бүгінде мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек Жалағаш кентіндегі «Ақтерек» уәкесіндегі ауданның инженерлік-коммуникациялық газбен жабдықтау жүйесінің құрылысына ел тайказанынан 603 млн теңге бөлінді. Былыр 6 бюджеттік және әлеуметтік нысанның жылу жүйесін газға көшіруге 135,7 млн теңге қаралып, бүгінде барлық нысанның құрылысы аяқталып, жылу жүйелері

Брифингтегі аудан әкімінің сөзіне сүйенсек, биыл да Жалағашта жарқын жобалар жүзеге асқалы тұр. Тіпті биыл ауданға былтырғыдан да жоғары қаражат тартылған. Қазірдің өзінде қоян жылының еңшісіндегі 3,2 млрд теңгенің 25 жобасы қаржылай қолдау тапқан. Оның сегізі жол құрылысына, екеуі аяқ су мәселесін реттеуге, біреуі көпірлерді жөндеуге, бесеуі инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жақсартуға бағытталса, ауыз су жүйесіне қатысты 3, елді мекендерді абаттандыру бойынша 6 жоба жүзеге асады.

Бұл – өзірге мемлекеттік сарап-тамадан өтіп, қаржылай қолдауға ие болған жобалар. Асқарбек Есжанов мұнан бөлек жалпы құны 14,1 млрд теңгені құрайтын 39 жобаның құжаттары дайын тұрғанын жасырмады. Оның ішінде қос елді мекенге газ тарту жұмыстарына, Есет батыр, Т.Жүргенов, Мырзабай ахун ауылының тұрғын үй секторының электр желілерін жаңартуға, М.Шәменов ауылындағы 2 көшенің құрылыс жұмыстарына, Бұқарбай батыр ауылындағы 11 көшенің құрылысына, кенттегі көппөтерлі тұрғын үйлерді күрделі жөндеуге, «Наркескен» спорт клубының,

маны Ысқақ Жолмырзаевтың 125 жылдығына, қоғам қайраткері Әбдірашит Бердәулетовтың 125 жылдығына, өлімізге белгілі ақын Телеубай Үркімбаевтың 125 жылдығына, ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушысы Камал Бердәулетовтың 100 жылдығына, мемлекет және қоғам қайраткері Исатай Әбдікерімовтің 100 жылдығына арналған іс-шаралар өткізіледі, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Шағын және орта кәсіпкерлік шираған

Өңір қазынасын еселеп, әлеумет-тің өлеуетін арттыруда кәсіпкерлік саласында серпін қалыптастыру – ерекше маңызға ие мақсат-міндеттердің бірі. Көшегі брифингте ауданда бұл саланы дамыту жайы да назардан тыс қалмады.

Былыр шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3084-ке жеткен, оның ішінде нақты жұмыс жасап тұрғаны 23,8 пайызға артқан. Асқарбек Темірбекұлы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту негізінен «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында іске асып жатқанын айтты.

Биыл ауданда 3 млрд 212 млн теңгемен 446 жоба қаржыландырылған. Мұндай қолдаудың нәтижесінде ауданда жұмыссыздықты ауыздықтауға да жол ашылуда. Мәселен, аталған жобалардың арқасында ауданда 462 адам жұмыспен қамтылған.

Қызыл мия зауыты қайта іске қосылды

Бірнеше жылдан бері тілшілердің таптаурын тақырыбына айналған Жалағаштағы қызыл мия зауытына қатысты мәселеге де көшегі брифингте нүкте қойылды. Аудан әкімі қызыл мия тамырын өңдеу зауытының жұмысын жандандырып, қайта іске қосу жұмыстары жүріп жатқанын айтып, журналистермен жағымды жаңалығымен бөлісті.

Асқарбек Темірбекұлының сөзіне сүйенсек, бүгінде Қытайдан қажетті газ қондырғысының жабдықтары әкелініп, нысанның жылу жүйесі табиғи газ отынына көшірілген. Қазірдің өзінде өндіріс орны 15 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Кәсіпорын жұмысты қайта бастау үшін қажетті мия тамырының қоры да жеткілікті. Зауыт ақпан айында

жұмысын бастайды. Кәсіпорын толық іске қосылған жағдайда 60 адам тұрақты жұмыспен қамтылады.

Былыр «Адима» кәсіпорны «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында картон қалдықтары мен макулатурадан эковата шығаруды қолға алған. Кәсіпкер полигон құрылысы үшін берілген уақытша жер учаскесінен жер алып, жұмыс жасауда. Қазіргі таңда цехта 2 адам жұмыс жасайды. Цех сағатына 150 кг өнім өндіреді.

Эковата – целлюлозалық жеңіл жылу жабдықтаушы материал және оның 80 пайызы картон және қағаз макулатурасынаң, 12 пайызы бор қышқылынаң, 7 пайызы оттан қорғайтын антиперен қоспасынан тұрады. Кәсіпкер өнім өндіруге 13 млн теңге қаражат құйған. Сондай-ақ «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2 млн теңге қайтарымсыз грантқа ие болыпты.

Жуырта Жалағашта антифриз өндірісі қолға алынды. Жобаның жалпы құны – 15 млн теңге. Жеке кәсіпкер Асхат Ермекбаев былыр Ұлттық жоба аясында 5 млн теңге қайтарымсыз грант, 6 млн теңге жеңілдетілген несие алып, тәулігіне 1 тонна антифриз өндіріп, 5 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Кәсіпкердің антифриз өнімін өндіруге «СТ-КЗ» сертификаты бар.

Ауданда «ID Senim» ЖШС-ның 10 орынға арналған гемодиализ орталығы да халықтың қажетіне

ға көкеніс, 1296 ға бақша өнімдері егіліп, 7186 ға ескі жоңышқа күтімге алынған. Тәжірибелік мақсатта алғаш рет 73 ға қант құмайы, 39 ға соя, 5 ға сұлы, 2,5 ға қант қызылшасы егілген. Алдағы уақытта егін саласын әртараптандыру бағытында да дақылдардың түрін арттыру жоспарда бар.

Биыл 37052 гектарға егіс орналастыру жоспарда бар. Негізгі дақыл күріштің көлемі 19 800 гектарды құрайды. Мұнан бөлек 750 ға бидай, 70 ға қант құмайы, 70 ға арпа, 35 ға соя, 520 ға мақсары, 700 ға сүрлемдік жүгері, 5 ға сұлы, 2 ға қант қызылшасы, 4850 ға жаңа жоңышқа егіліп, 7200 ға ескі жоңышқа күтімге алынады. Мұнан бөлек 646 ға картоп, 1108 ға көкеніс пен 1296 ға басқа да бақша өнімдері егіледі. Былыр 250 гектар жер дайындалып, картоп, көкеніс, бақша дақылдарын орналастыруға 802 отбасыға бөлініп берілген. Жаңадан дайындалған жерлерге 146 гектар картоп, 8 гектар көкеніс және 96 гектар бақша дақылдары егілді. Барлығы уақытылы толығымен жиналып алынды. Биыл осы жұмыстарды жалғастыруға 500 гектар жер дайындалып, әрбір елді мекеннің егістік жер көлеміне байланысты бөлініп, бекітілді.

Төрт түлік санында өсім бар

Атакәсіпті алға оздырған аудан жұрты егінмен қатар мал шаруашылығын да дамытуға сүбелі үлес қосуда. Нәтижелі еңбектің арқасында төрт түлік санында өсім қалыптасқан.

Ауданда 37 407 мүйізді ірі қара, 40 566 уақ мал, 19 782 жылқы, 690 түйе, 10 359 құс өсірілуде. 2021 жылмен салыстырғанда сиыр 4,1, уақ мал 0,4, жылқы 39,2, түйе 2,5, құс 2,7 пайызға артқан. Былыр 4 мың тонна ет, 11,7 мың тонна сүт, 229 мың дана жұмыртқа өндірілген.

Ауданда асыл тұқымды малдың үлес салмағы 2 пайызға жеткен. Қазіргі таңда 4 шаруашылық асыл тұқымды мүйізді ірі қара, 3 шаруашылық асыл тұқымды қой өсіруде.

Аққұмдағы «Бақдаулет – 57» ШҚ 2013 жылы Батыс Қазақстан облысынан 68 бас асыл тұқымды қазақтың ақбас қашарын, 2015 жылы Ақтөбе облысынан 1000 бас асыл тұқымды қазақтың ірі қылыш жүнді құйрықты қойын әкелген. Ал Еңбектегі «Боранбай» ШҚ 2 жыл бұрын Арал ауданындағы «Ықылас» шаруашылығынан 38 бас асыл тұқымды қазақтың ақбас сиыры мен 1 бас бұқасын сатып алған.

Жаңадариядағы «Адал» ЖК да 2011 жылы Алтай өлкесіндегі Онкудай өңірінен 50 бас қазақтың ақбас сиырының қашары мен 2 бас бұқасын сатып әкелген. Былыр аталған шаруашылық Қарағанды облысы Шет ауданындағы «Жандос» ШҚ-дан тағы 30 бас асыл тұқымды сүт бағытындағы Симментал сиырының қашарын алыпты.

Ақсудағы «Еркебұлан» ЖК да ауданда мал шаруашылығын дамытуда табысты еңбек етуде. Аталған шаруашылық 2018 жылы Р Ф Бурятия республикасынан 100 бас асыл тұқымды қалмақ сиырының қашарын сатып алған. Ал Аққырдағы «Туған жер» ШҚ 2008 жылы Ақтөбе облысынан қазақтың ірі қылыш жүнді құйрықты қойының 420 бас ұрғашы тұсағын, 12 бас асыл тұқымды қошқар сатып алған. Жалпы тізе берсек, ауданда мал шаруашылығында көсібін дөңгелетіп отырған шаруашылықтар мұнымен шектелмейді. Бастапқыда мал басын көбейтуге ден қойған кәсіпкерлер уақыт өте оны асылдандыруға басымдық бөруде. Бұл бір жағынан салада өндірілетін өнім көлемі мен сапасының артуына сеп болары анық.

Брифингте қамтылмаған сала жоқ, аудан әкімі атқарылған жұмыстар легін тарқатқанда барлық салада серпін қалыптасқанын аңғару қиын емес. Бастысы, жарқын жобалар биыл да жүзеге асқалы тұр.

Жыын соңы журналистердің сауалымен жалғасты. Аудан басшысы тілшілердің бірде-бір сауалын жауапсыз қалдырмады. Қарымды қаламгер, «Ұстاز мәртебесі» газеті мен «Әлімсақ» журналының бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы расында соңғы жылдары Жалағашта оң өзгерістер орын алып жатқанын жеткізіп, аудан басшысынан Жалағаштағы бастауыш сынып оқышыларының ыстық тамақпен қамтылу жайын сұрап, жол сапасына қатысты бірқатар сауал жолдады.

Н.Көбегенұлының сөзіне, кейбір аудандарда бастауыш сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуге қатысты мәселелер бар көрінеді. Кей аудандарда бұл жұмыстар өз деңгейінде жүзеге аспаса, басқа да аудандардың біріндегі білім ошақтарында тіпті асхана да жоқ екен.

Асқарбек Темірбекұлы бұған қатысты Жалағашта ешқандай мәселе жоғын жеткізді. Ауданда барлық білім ошағында асхана бар. Онда бастауыш сынып оқушыларына ыстық тамақ беріледі. Оның өзі тұрақты бақылауда. Ал жол мәселесіне келсек, жоғарыда былыр бұған қатысты жұмыстар жүзеге асқанын айттық. Биыл да Жалағашта жол құрылысы қарқын алғалы тұр.

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауының өткізілуіне байланысты Жалағаш ауданының аумағындағы сайлау учаскелерінің шекарасы

№	Сайлау учаскелері	Орналасқан жері	Сайлау учаскелерінің шекаралары
1	№128	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №7, «Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның ғимараты.	Абай көшесінің тақ жағындағы №1-59, жұп жағындағы №2-58 үйлер; Өйтеке би көшесінің тақ жағындағы №13-55, жұп жағындағы №12-44 үйлер; Аманкелді Иманов көшесінің тақ жағындағы №1-13, жұп жағындағы №2-26 үйлер; Бұқарбай Естекбайұлы көшесінің тақ жағындағы №1-105, жұп жағындағы №2-124 үйлер; Желтоқсан көшесінің тақ жағындағы №1-23, жұп жағындағы №2-34 үйлер; Қазыбек би көшесінің тақ жағындағы №1-77, жұп жағындағы №2-56 үйлер; Нысанбай жырау көшесінің тақ жағындағы №49-93, жұп жағындағы №46-96 үйлер; Темірбек Жүргенов көшесінің тақ жағындағы №39-75, жұп жағындағы №50-102 үйлер; Төле би көшесінің тақ жағындағы №1-13, жұп жағындағы №2-26 үйлер; Төлеубай Үркімбаев көшесіндегі үйлер; Жамбыл Жабаев көшесіндегі үйлер; Сарке батыр көшесінің тақ жағындағы №1-5, жұп жағындағы №2-18 үйлер; ДЭУ көшесіндегі үйлер; Қали Нұрпейісов көшесіндегі үйлер; Мұбарак Тәйтқов көшесіндегі үйлер.
2	№129	Жалағаш кенті, Женістің 50 жылдығы көшесі №20, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№202 Зейнолла Жарқынбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Амандық Бектібаев көшесіндегі үйлер; Әлия Молдағұлова көшесіндегі үйлер; Айтбай Қазбеков көшесіндегі үйлер; Ақназар Бектасов көшесіндегі үйлер; Алнулла Байсопаков көшесіндегі үйлер; Ғани Мұратбаев көшесіндегі үйлер; Дәуімбай көшесіндегі үйлер; Ерлұзлет Құрманбаев көшесіндегі үйлер; Еліне Нұркенов көшесіндегі үйлер; Жана көшесіндегі үйлер; Женістің 50 жылдығы көшесіндегі үйлер; Зияда Ижанов көшесіндегі үйлер; Конституция көшесіндегі үйлер; Қаныш Сәтпаев көшесіндегі үйлер; Келменбет батыр көшесіндегі үйлер; Мәнішүк Мәметова көшесіндегі үйлер; Мысқыл би көшесіндегі үйлер; Наттай Сермаханова көшесіндегі үйлер; Несіпбай Әпсезов көшесіндегі үйлер; Иван Панфилов көшесіндегі үйлер; Сәкен Сейфуллин көшесіндегі үйлер; Тілек Әбжалиев көшесіндегі үйлер; Шокан Уәлиханов көшесіндегі үйлер; Ыбырай Алтынсарин көшесіндегі үйлер; Ыбырай Алтынсарин тұйық көшесіндегі үйлер.
3	№130	Жалағаш кенті, Қазыбек би көшесі №40, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№31 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Абдулла Нұрғалиев көшесіндегі үйлер; Аяған Боханов көшесіндегі үйлер; Дауылбай Байғалиев көшесіндегі үйлер; Досбоу Қуанбаев көшесіндегі үйлер; Махметхан Әбішев көшесіндегі үйлер; Орынбай Сарманов көшесіндегі үйлер; Омирзақ Тұңғышбаев көшесіндегі үйлер; Пірман Жылкелдиев көшесіндегі үйлер; Сауда Орманов көшесіндегі үйлер; Нефтебаза көшесіндегі үйлер; ПМК-9 көшесіндегі үйлер.
4	№131	Жалағаш кенті, Мөрәлі Шәменов көшесі №124, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «аль-Фараби атындағы №201 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Айымкүл Ізтелеуова көшесінің тақ жағындағы №55-95, жұп жағындағы №52-106 үйлер; Алдабергел Бисенов көшесінің тақ жағындағы №13-39, жұп жағындағы №18-20 үйлер; Әбішекен Әбжапаров көшесіндегі үйлер; Байбол Сопиев көшесінің тақ жағындағы №5-11, жұп жағындағы №8-12 үйлер; Еліне Кабылов көшесіндегі үйлер; Кеңежбай Рахимов көшесіндегі үйлер; Мөрәлі Шәменов көшесінің тақ жағындағы №95-179, жұп жағындағы №94-170 үйлер; Нұрылда Әлмағанбетов көшесінің тақ жағындағы №15-21, жұп жағындағы №2-10 үйлер; Нығмет Мырзалиев көшесінің тақ жағындағы №57-85 үйлер, жұп жағындағы №46-114 үйлер; Нысанбай жырау көшесінің тақ жағындағы №95-175, жұп жағындағы №98-186 үйлер; Омирбай шешен көшесінің тақ жағындағы №25-45, жұп жағындағы №20-30 үйлер; Сақыбай Қалыбаев көшесінің тақ жағындағы №9-87, жұп жағындағы №2-82 үйлер; Сейтнәби Мұқашев тұйық көшесіндегі үйлер; Сырмағамбет Отарбаев көшесінің тақ жағындағы №31-35, жұп жағындағы №48-50 үйлер; Темірбек Жүргенов көшесінің тақ жағындағы №77-173, жұп жағындағы №104-190 үйлер; Тоғанас батыр көшесінің тақ жағындағы №27-53, жұп жағындағы №16-38 үйлер.
5	№132	Жалағаш кенті, Абай көшесі №61, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «Шекер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Абай көшесінің тақ жағындағы №61-115, жұп жағындағы №60-152 үйлер; Айтбай Күзенбаев көшесіндегі үйлер; Алдабергел Бисенов көшесінің тақ жағындағы №1-11, жұп жағындағы №2-16 үйлер; Ахмет Тілеуиев тұйық көшесіндегі үйлер; Өйтеке би көшесінің тақ жағындағы №57-159, жұп жағындағы №46-146 үйлер; Байбол Сопиев көшесінің тақ жағындағы №1-3, жұп жағындағы №2-6 үйлер; Болат Алтынбаев көшесіндегі үйлер; Бұқарбай Естекбайұлы көшесінің тақ жағындағы №107-203, жұп жағындағы №126-240 үйлер; Зордан Салықбаев тұйық көшесіндегі үйлер; Қазыбек би көшесінің тақ жағындағы №79-89/2, жұп жағындағы №58-62 үйлер; Нұрылда Әлмағанбетов көшесінің тақ жағындағы №1-13 үйлер; Омирбай шешен көшесінің тақ жағындағы №1-23 үйлер, жұп жағындағы №2-18 үйлер; Тоғанас батыр көшесінің тақ жағындағы №1-25, жұп жағындағы №2-14 үйлер; Төле би көшесінің тақ жағындағы №15-85, жұп жағындағы №28-96 үйлер; Төлеген Қыстаубаев көшесінің тақ жағындағы №1-23, жұп жағындағы №2-22 үйлер.
6	№133	М.Шәменов ауылдық округі, М.Шәменов ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №6, «М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының «М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.	М.Шәменов ауылы, №5 «Қаранірім» разьезі.
7	№134	Қаракеткен ауылдық округі, Қаракеткен ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №26, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№114 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Қаракеткен ауылы, Ақшпал елді мекені.

8	№135	Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылы, Далдабай Жалтынов көшесі №49, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№115 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Далдабай ауылы.
9	№136	Таң ауылдық округі, Таң ауылы, Орынбай жырау көшесі №12, «Таң ауылдық округі әкімі аппаратының «Таң ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.	Таң ауылы, Жаңақоныс елді мекені.
10	№138	Бұқарбай батыр ауылдық округі, Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №21, «Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының «Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.	Шекарасы: Бұқарбай батыр ауылы.
11	№139	Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, Тұршабек Елеусінов көшесі №14, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№116 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Ақсу ауылы, Қорғанша, Бостай, Ахметбаза елді мекендері.
12	№140	Аққыр ауылдық округі, Аққыр ауылы, Нұрылда Таспенев көшесі №4, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Аққыр ауылы.
13	№141	Жанаталап ауылдық округі, Жанаталап ауылы, Әбжәлел Қожабаев көшесі №21, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№119 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Жанаталап ауылы.
14	№142	Мақпалқол ауылдық округі, Темірбек Жүргенов ауылы, Мақсұт Нұрылдаев көшесі №38, «Мақпалқол ауылдық округі әкімі аппаратының «Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.	Темірбек Жүргенов ауылы.
15	№144	Мәдениет ауылдық округі, Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11 «А», «Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының «Мәдениет ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.	Мәдениет ауылы.
16	№146	Мырзабай ахун ауылдық округі, Мырзабай ахун ауылы, Әбділла Жүргенбаев көшесі №28, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№122 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Мырзабай ахун ауылы.
17	№147	Аққұм ауылдық округі, Аққұм ауылы, Бейбітшілік көшесі №7 «А», «Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының «Аққұм ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.	Аққұм ауылы.
18	№149	Еңбек ауылдық округі, Еңбек ауылы, Төлеген Дәуітбаев көшесі №5, «Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының «Аққошар ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.	Еңбек ауылы.
19	№151	Аламесек ауылдық округі, Есет батыр ауылы, Кенесбай Әбішов көшесі №26, «Аламесек ауылдық округі әкімі аппаратының «Есет батыр ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.	Есет батыр ауылы.
20	№152	Жаңадария ауылдық округі, Жаңадария ауылы, Достық көшесі №20, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№203 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Жаңадария ауылы.
21	№153	Жалағаш кенті, Айымкүл Ізтелеуова көшесі №18, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Аманкелді Иманов көшесінің тақ жағындағы №15-61 үйлер, жұп жағындағы №28-70 үйлер; Айымкүл Ізтелеуова көшесінің тақ жағындағы №1-53, жұп жағындағы №2-50 үйлер; Желтоқсан көшесінің тақ жағындағы №25-33 үйлер, жұп жағындағы №36-52 үйлер; Мөрәлі Шәменов көшесінің тақ жағындағы №1-93 үйлер, жұп жағындағы №2-92 үйлер; Нығмет Мырзаліев көшесінің тақ жағындағы №1-55, жұп жағындағы №2-44 үйлер; Сақыбай Қалыбаев көшесінің тақ жағындағы №1-7 үйлер; Сарке батыр көшесінің тақ жағындағы №7-43, жұп жағындағы №20-50 үйлер; Сырмағамбет Отарбаев көшесінің тақ жағындағы №1-29, жұп жағындағы №2-46 үйлер; Төлеген Қыстаубаев көшесінің тақ жағындағы №25-45, жұп жағындағы №24-36 үйлер; Өйтеке би көшесінің тақ жағындағы №1-11, жұп жағындағы №2-10 үйлер; Мәдібай Байтөреев көшесіндегі үйлер; Нысанбай жырау көшесінің тақ жағындағы №1-47, жұп жағындағы №2-44 үйлер; Темірбек Жүргенов көшесінің тақ жағындағы №1-37, жұп жағындағы №2-48 үйлер; Үлкен Төлегенова тұйық көшесіндегі үйлер; Шонбай ақын көшесіндегі үйлер.
22	№377	Жалағаш кенті, Нефтебаза көшесі №1 «А», «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының полиция департаменті Жалағаш ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесінің уақытша ұстау изоляторының ғимараты.	Уақытша ұстау изоляторы.
23	№378	Жалағаш кенті, Нығмет Мырзалиев көшесі №73, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жалағаш аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.	Аудандық аурухана.

Границы избирательных участков Жалагашского района по проведению внеочередных выборов депутатов Мажилиса Парламента и маслихатов Республики Казахстан, назначенных на 19 марта 2023 года

№	Избирательные участки	Место нахождения	Границы избирательных участков
1	№128	поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №7, здание коммунального государственного казенного предприятия «Дом культуры имени Қонысбека Қазантаева Жалағашского районного отдела культуры и развития языков».	Дом №1-59 по четной стороне, №2-58 по четной стороне улицы Абая; дом №13-55 по нечетной стороне, №12-44 по четной стороне улицы Айтекеби; дом №1-13 по нечетной стороне, №2-26 по четной стороне улицы Амангельды Иманова; дом №1-105 по нечетной стороне, №2-124 по четной стороне улицы Бұхарбая Естекбайұлы; дом №1-23 по нечетной стороне, №2-34 по четной стороне улицы Желтоқсан; дом №1-77 по нечетной стороне, №2-56 по четной стороне улицы Қазыбек би; дом №49-93 по нечетной стороне, №46-96 по четной стороне улицы Нысанбай жырау; дом №39-75 по нечетной стороне, №50-102 по четной стороне улицы Темірбека Жүргенова; дом №1-13 по нечетной стороне, №2-26 по четной стороне улицы Төле би; дом по улице Төлеубая Уркімбаева; дом по улице Жамбыла Жабаева; дом №1-5 по нечетной стороне, №2-18 по четной стороне улицы Сарке батыр; дом по улице Қали Нұрпейісова; дом по улице Мұбарак Тәйтқова.
2	№129	поселок Жалағаш, улица 50 лет Победы №20, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №202 имени Зейноллы Жарқынбаева» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	Дом по улице Амандыка Бектибаева; дом по улице Али Молдағұловой; дом по улице Айтбая Казбекова; дом по улице Ақназара Бектасова; дом по улице Алнуллы Байсопакова; дом по улице Ғани Мұратбаева; дом по улице Дәуімбай; дом по улице Ерлұзлет Құрманбаева; дом по улице Ильаса Нұркенова; дом по улице Жана; дом по улице 50 лет Победы; дом по улице Зияды Ижанова; дом по улице Конституции; дом по улице Қаныша Сәтпаева; дом по улице Келменбет батыра; дом по улице Мәнішүк Мәметовой; дом по улице Мысқыл би; дом по улице Наттай Сермахановой; дом по улице Несіпбая Әпсезова; дом по улице Ивана Панфилова; дом по улице Сәкена Сейфуллина; дом по улице Тілекә Абжалиева; дом по улице Шокана Уәлиханова; дом по улице Ибра Алтынсарина; дом по переулку Ибра Алтынсарина.

3	№130	поселок Жалағаш, улица Қазыбек би №40, здание коммунального государственного учреждения «Школа-гимназия №31» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	Дом по улице Абдуллы Нұрғалиева; дом по улице Аяғана Боханова; дом по улице Дауылбая Байғалиева; дом по улице Досбоуа Қуанбаева; дом по улице Махметхана Абишева; дом по улице Орынбая Сарманова; дом по улице Омирзака Тұңғышбаева; дом по улице Пірмана Жылкелдиева; дом по улице Сауда Орманова; дом по улице Нефтебаза; дом по улице ПМК-9.
4	№131	поселок Жалағаш, улица Мұрали Шәменова №124, здание коммунального государственного учреждения «Школа-лицей №201 имени аль-Фараби» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	Дом №55-95 по нечетной стороне, №52-106 по четной стороне улицы Айымкул Изтелеуовой; дом №13-39 по нечетной стороне, №18-20 по четной стороне улицы Алдабергел Бисенова; дом по улице Әбішекен Әбжапарова; дом №5-11 по нечетной стороне, №8-12 по четной стороне улицы Байбола Сопиева; дом по улице Ильаса Кабылова; дом по улице Кеңежбая Рахимова; дом №95-179 по нечетной стороне, №94-170 по четной стороне улицы Мұрали Шәменова; дом №15-21 по нечетной стороне, №2-10 по четной стороне улицы Нұрылда Алмағанбетова; дом №57-85 по нечетной стороне, №46-114 по четной стороне улицы Нығмета Мырзалиева; дом №95-175 по нечетной стороне, №98-186 по четной стороне улицы Нысанбай жырау; дом №25-45 по нечетной стороне, №20-30 по четной стороне улицы Омирбай шешена; дом №9-87 по нечетной стороне, №2-82 по четной стороне улицы Сақыбая Қалыбаева; дом по переулку Сейтнәби Мұқашева; дом №31-35 по нечетной стороне, №48-50 по четной стороне улицы Сырмағамбета Отарбаева; дом №104-190 по четной стороне улицы Темірбека Жүргенова; дом №27-53 по нечетной стороне, №16-38 по четной стороне улицы Тоғанас батыра.

4САЙЛАУ – 2023

5	№132	поселок Жалағаш, улица Абая №61, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №246 имени Шекер Ермаганбетовой» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	Дома №61-115 по нечетной стороне, №60-152 по четной стороне улицы Абая; домано улица Айтбай Кузенбаева; дома №1-11 по нечетной стороне, №2-16 по четной стороне улицы Алдабергена Бисенова; дома по переулку Ахмета Тилеулиева; дома №57-159 по нечетной стороне, №46-146 по четной стороне улицы Айтеке би; дома №1-3 по нечетной стороне, №2-6 по четной стороне улицы Байбола Сотпекова; домано улице Болата Алтынбаева; дома №107-203 по нечетной стороне, №126-240 по четной стороне улицы Бухарбая Естекбайұлы; домано переулку Зордана Салыкбаева; дома №79-89/2 по нечетной стороне, №58-62 по четной стороне улицы Казымбек би; дома №1-13 по нечетной стороне улицы Нурылды Алмаганбетова; дома №1-23 по нечетной стороне, №2-18 по четной стороне улицы Омирбай шешена; дома №1-25 по нечетной стороне, №2-14 по четной стороне улицы Тоғанас батыра; дома №15-85 по нечетной стороне, №28-96 по четной стороне улицы Толе би; дома №1-23 по нечетной стороне, №2-22 по четной стороне улицы Толегена Кыстаубаева;	15	№144	сельский округ Мадениет, село Мадениет, улица Кадан батыра №11 «А», здание коммунального государственного казенного предприятия «Сельский клуб Мадениет» аппарата акима сельского округа Мадениет».	село Мадениет.
6	№133	сельский округ М.Шаменова, село М.Шаменова, улица Бухарбай батыра №6, здание коммунального государственного казенного предприятия «Сельский Дом культуры М.Шаменова» аппарата акима сельского округа М.Шаменова»	село М.Шаменова, разъезд №5 «Қараирим».	16	№146	сельский округ Мырзабай ахун, село Мырзабай ахун, улица Абдилды Жүргенбаева №28, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №122» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	село Мырзабай ахун.
7	№134	сельский округ Каракеткен, село Каракеткен, улица Абай Қунанбаева №26, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №114» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	село Каракеткен, населенный пункт Акшал.	17	№147	сельский округ Аккум, село Аккум, улица Бейбитшилик №7 «А», здание коммунального государственного казенного предприятия «Сельский клуб Аккум» аппарата акима сельского округа Аккум».	село Аккум.
8	№135	сельский округ Каракеткен, село Далдабай, улица Далдабая Жалтынова №49, здание коммунального государственного учреждения «Основная школа №115» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	село Далдабай.	18	№149	сельский округ Енбек, село Енбек, улица Толегена Давтабаева №5, здание коммунального государственного казенного предприятия «Сельский Дом культуры Аккошкар» аппарата акима сельского округа Енбек».	село Енбек.
9	№136	сельский округ Тан, село Тан, улица Орынбай жырау №12, здание коммунального государственного казенного предприятия«Сельский Дом культуры Тан» аппарата акима сельского округа Тан».	село Тан, населенный пункт Жанаканыс.	19	№151	сельский округ Аламесек, село Есет батыр, улица Кенесбая Абишева №26, здание коммунального государственного казенного предприятия «Сельский Дом культуры Есет батыр» аппарата акима сельского округа Аламесека».	село Есет батыр.
10	№138	сельский округ Бухарбай батыр, село Бухарбай батыр, улица Бухарбай батыра №21, здание коммунального государственного казенного предприятия«Сельский Дом культуры Бухарбай батыр» аппарата акима сельского округа Бухарбай батыр».	село Бухарбай батыр.	20	№152	сельский округ Жанадария, село Жанадария, улица Достык №20, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №203» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	село Жанадария.
11	№139	сельский округ Аксу, село Аксу, улица Туршабекә Елеусинова №14, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №116» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	село Аксу, населенные пункты Корганша, Бостай, Ахметбаза.	21	№153	поселок Жалағаш, улица Айымкул Иттелеуовой №18, здание коммунального государственного учреждения «Школа-лицей №123 имени Темирбека Жүргенова» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	Дома №15-61 по нечетной стороне, №28-70 по четной стороне улицы Амангельды Иманова; дома №1-53 по нечетной стороне, №2-50 по четной стороне улицы Айымкул Иттелеуовой; дома №25-33 по нечетной стороне, №36-52 по четной стороне улицы Желтоқсан; дома №1-93 по нечетной стороне, №2-92 по четной стороне улицы Мурали Шаменова; дома №1-55 по нечетной стороне, №2-44 по четной стороне улицы Нығмыта Мырзалиева; дома №1-7 по нечетной стороне улицы Сақыбая Калыбаева; дома №7-43 по нечетной стороне, №20-50 по четной стороне улицы Сарке батыра; дома №1-29 по нечетной стороне, №2-46 по четной стороне улицы Сырмагамбетә Отарбаева; дома №25-45 по нечетной стороне, №24-36 по четной стороне улицы Толегена Кыстаубаева; дома №1-11 по нечетной стороне, №2-10 по четной стороне улицы Айтекеби; дома по улице Мадиябай Байтөресев; дома №1-47 по нечетной стороне, №2-44 по четной стороне улицы Нысанбай жырау; дома №1-37 по нечетной стороне, №2-48 по четной стороне улицы Темирбека Жүргенова; дома по переулку Үлмекен Толегеновой; дома по улице Шонбай ақына.
12	№140	сельский округ Акқыр, село Акқыр, улица Нурылды Таспенова №4, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №188» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	село Акқыр.	22	№377	поселок Жалағаш, улица Нефтебазә №1 «А», здание изолятора временного содержания государственного учреждения «Отдел полиции Жалағашского района Департамента полиции Кызылординской области Министерства внутренних дел Республики Казахстан».	Изолятор временного содержания.
13	№141	сельский округ Жанаталап, село Жанаталап, улица Абжалела Кожабаява №21, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №119» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области».	село Жанаталап.	23	№378	поселок Жалағаш, улица Нығмыта Мырзалиева №73, здание коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Жалағашская районная больница» управления здравоохранения Кызылординской области».	Районная больница.
14	№142	сельский округ Макпалкол, село Темирбек Жүргенов, улица Максута Нурылдаева №38, здание коммунального государственного казенного предприятия«Сельский Дом культуры Темирбека Жүргенова» аппарата акима сельского округа Макпалкол».	село Темирбек Жүргенов.				

Соңы. Басы 3-бетте

Занды тұлғаларды тіркеуде қандай мемлекеттік қызметтер көрсетіледі?

Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу ҚР «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылады. Әділет органдары тіркеуші орган болып табылады. ҚР «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» заңының 2-бабына сәйкес, занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мақсаты занды тұлғаның құрылу, қайта тіркелу, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың тіркелу, қайта ұйымдастырылу және қызметінің тоқтатылу, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктердің құрылу, есептік қайта тіркелу, құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың тіркелу және қызметінің тоқтатылу фактісін куәландыру болып табылады.

Барлық құрылатын занды тұлғалар өздерінің құрылу мақсатында, өз қызметінің түрі мен сипатына, қатысушылар құрамына қарамастан ҚР аумағында мемлекеттік тіркеуге жатады. Занды тұлғаның қызметі ретінде мемлекеттік тіркеусіз рұқсат берілмейді. Мемлекеттік тіркеуі жоқ қызметтен алынған табыс ҚР заңдарына сәйкес республикалық бюджет табысына алынады. Коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді әділет органдары жүзеге асырады. Ал коммерциялық ұйымдар болып табылатын занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және опрадың

филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді «Азаматтарға арналған үкімет» ммлекеттік корпорациясы жүзеге асырады. Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға қазақ және орыс тілдерінде жасалған және екі данада ұсынылатын құрылтай құжаттары қоса беріліп, ҚР Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі. Акционерлік қоғамдар мен мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтай құжаттарын қоспағанда, коммерциялық ұйымдарға жататан занды тұлғалардың құрылтай құжаттары мемлекеттік тіркеу кезінде ұсынылмайды. Акционерлік қоғамдарды мемлекеттік тіркеу үшін қазақ


және орыс тілдерінде жасалған, нотариат куәландырған жарғы қоса беріле отырып, ҚР Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі. Шағын кәсіпкерлікке тиесілі занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу «Электрондық Үкімет» веб-порталында толтырылады және электрондық хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ орта кәсіпорындар да «Электрондық Үкімет» веб-порталы арқылы мемлекеттік тіркеу үшін өтініш бере алады. Электрондық тіркеу арқылы 1 сағат ішінде бизнес-сәйкестендіру нөмірі тағайындалған электрондық сертификаттар беру арқылы жүзеге асырылады.

ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес, Қызылорда облысы әділет департаментінің Сырдария, Жалағаш аудандық және Байқоңыр қалалық Әділет басқармалары Қармақшы аудандық әділет басқармасына қосылу жолымен қайта ұйымдастырылып, Қармақшы ауданаралық әділет басқармасы болып, 2020 жылдың 28 қаңтарында тіркелді. Басқарманың негізгі міндеті – Сырдария, Жалағаш, Қармақшы ауданы және Байқоңыр қаласы көлемінде коммерциялық емес ұйым болып табылатын занды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, құқықтық көмек пен заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету, зияткерлік мәшiк құқығы саласында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, ҚР заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асыру.

**Н.АСАНОВА,
Қармақшы ауданаралық
Әділет басқармасы
басшысының міндетін
атқарушы**

Бақұл бол, асқар тау әке

2023 жылдың 21 қаңтарында асқар тау әкеміз, ауданның су шаруашылығы саласына еңбегі сіңген ардагер, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Берікбай Ишанбеков дүниеден өтті. Өнегелі өмірімен өскелең ұрпаққа бағдаршам болған әкеміз ұрпақтарының жазында ұзақ уақыт сақталды.



«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына із қалдырса» деген қанатты сөз Берікбай Ишанбековке қаратып айтылғандай. Саналы ғұмырында ауданның дамуына қажырлы еңбек етті, бізге де өнегелі өмірімен бағдаршам болды, бойдағы тағылым мен берген тәрбиесімен жол көрсетті.

Бұл да тағдырдың басқа салған сынағы. Ал оған сабыр қылмасқа пенде шіркінде шара болып па? Ендігі жерде асқар тау әкемізді сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз. Тек бүгін бір әулеттің тірегі шаққанда өткен шаққанда естеліктер айту жанымызға батады.

Берікбай Ишанбеков 1938 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1953 жылы Қазалыдағы №17 орта мектепте білім алып, 1962 жылы Ташкент қаласындағы ауыл шаруашылығын ирригациялау, механикаландыру институтын «Инженер-гидротехник» мамандығы бойынша бітірген. Олөңбекжолын 1962жылыЖалағаш ауданысу жүйелер басқармасында бөлім басшысы болып бастады. 1975 жылға дейін бас инженер, 1975-1986 жылдары «Қызылорда Главирисовсхострой» мекемесіне қарасты №9 жылжымалы мехколоннаның басшысы, өндірістік бөлім бастығы, 1986-1996 жылдары Қызылорда «Главриссовсхострой» тіресіне қарасты №14 жылжымалы мехколоннаның бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. 1994 жылы құрметті зейнет демалысына шықты. Қажырлы еңбегінің арқасында «Құрмет» грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталды.

Әкеміз Берікбай мен аنامыз Зейнекұл 4 бала тәрбиелеп өсіріп, олардан немере-шөбере сүйді. Қазіргі таңда қара шаңырақта ата-анадан тәлім алған балалардың өзі бір-бір отбасының тірегіне айналды. Сіз біздің жадымызда ұзақ уақыт сақталасыз, асқар тау әке. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, иманыңыз жолдас болсын.

Еске алушылар Ишанбековтер әулеті

2023 жылы 21 қаңтарда асқар тау әкеміз, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Берікбай Ишанбеков дүниеден өтті. Әулеттің қайғысына ортақтасып, көңіл айтып келген барша ағайын-туыс, құда-жеңжат, дос-жаранға Ишанбековтер отбасы алғыс білдіреді.

Төрт жыл өтті езіңсіз



ауыл шаруашылығы институтының «Экономика және бухгалтерлік» факультетін қызыл дипломмен бітірді.

Ол еңбек жолын 1972 жылы туған жерінде есепші болып бастады. Кейін салада тәжірибе жинаған ол үздік мамандар қатарына қосылды. Аталған салада басшылық қызметтерді де абыроймен атқарды. Ауданда қаржы бөлімінің меңгерушісі, мемлекеттік қаржы бақылау комитеті аудандық бөлімшесінің бастығы, «Агропромбанк» аудандық филиалының директоры, аудандық салық комитетінің төрағасы қызметтерін де абыроймен атқарды.

Атпал азамат аудандық мәслихаттың бірнеше шақырылымының депутаты болды. Аудандық мәслихаттың төксеру комитетінің төрағасы болып қажырлы еңбек етті. Оның ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі ескеруісз қалған жоқ. Жалағаш ауданының Құрметті азаматы мақтау-мадаққа лайық екенін адал еңбегімен дәлелдеді. Оның өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа үлгі болары сөзсіз. Сыныптас досымызды сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, ардақты дос. Көңіл шіркін, жоқтығына сенбейді. Бұл сағыныш жүректерді тербейді. Артындағы ұрпақтарың бар кезде, Жақпаң отың өшқашанда өшпейді.

**Еске алушылар Иіркел орта мектебінің 1962 жылғы түлектері
Созакбай Садықов, Қайрош Ибраев, Болат Байғожаев**

«Сыр медиа» ЖШС Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Жалағаш аудандық **“Жалағаш жаршысы”** газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: **сөйсенбі, сенбі** күндері.
Таралымы - 3097 дана.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны **ҚҚС қоса есептегенде:**
Бірінші бетте орналастыру – 250 теңге,

Ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

zhalagash-zharshysy.kz ақпараттық агенттігіне (сайт) үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):
1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоба дейін

– 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – **11200 теңге** (1 апта), **1600 теңге** (1 күн);
400 x 800 px – **8960 теңге** (1 апта), 1280 теңге (1 күн).
Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсыныған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады.

Үгіт-насихат материалдары демалыс және мереке күндерінен басқа 2023 жылдың 21 ақпанынан 2023 жылдың 17 наурыз аралығындағы шығарылымдарында жариялануына байланысты алдын ала тапсырыстар қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Төле би көшесі №5а үй. Жарнама бөлімі: 8 (72431)31-5-75, e-mail: Zhai_jarsh@mail.ru

Жалағаш аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі басшысының азаматтарды және занды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Еспенбет Жасұлан Ерданұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті 15:00-ден 19:00-ге дейін	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №3	8(72431) 31-9-95

Ойтаразы

Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол. Бұрын кісісі қайтқан үй қазан көтермепті. Ол үйдің ошағында от та жағылмаған. Тек қазалы үйде әйелдер қара жамылып отырып, қайғыра жоқтау айтқан. Қазалы үйдің ағайындары мен ауылдастары аңырап отырған отбасының қайғысын бөлісіп, басына түскен қиындығын жеңілдету үшін сол үйге көңіл айта келген жұртты өз үйлерінен ас беріп, жайғап жіберуді міндеттеріне алған. Тіпті мұндай жауапкершіліктен туыстық байланысы жоқ алыс-жақындағы көрші-көлем де қалыс қалмапты. Бұл Абай заманынан да әріде қалыптасқан үрдіс еді. Бірақ өкініштісі бертін келе осы дәстүрлі жол үзіліп қалды.

Қазірде қаралы үйде қос-қостан мал сойылады, әр бөлмесіне молынан ас та тек дастархан жайылып, үстел үстін түрлі тағамға толтырып майыстырып қояды. Жасы келген кісі болса, қазактың жөн-жоралғысы деп тәберік тара-тады. Тәберік бұрындары үлкен кісінің жыртысқа түскен киімдерінен тиетін бір жапырақ шүберек еді. Қазір ол да өзгеріске ұшырап, тәберікке дүкеннен сатып алынған жап-жаңа сүлгі, майлық үлестіретін болыпты. Бұл да біздің дәстүрден ауытқып бара жатқанымыздың көрінісі. Әйтпесе, бала күнімізде үлкендер «жасын берсін» деген ниетпен жүзге келіп, жөнелген кем-пір-шалдардың өті тиген тілдей шүберекті білгімізге байлап беруші еді, енді бүгін дүкен сөресінде жатып шаңсиді болған сүлгі мен майлықты қандай ырымға балап, қай жерімізге байлап аларымызды білмей дал болып жүрміз...

Жоғарыда айтқан қазалы үйдің дастарханы жайында көп сын айтылып келді және өлі де айтылып жүр. Әмір көрген, жолың, жөнін білетін ақсақалдарымыз бен мешіт имамдары да бұның ысырапшылдық екенін айтудан танбайды. Тіпті дәл осы тақырыпта талай алқалы жиындар да болды. Бірақ, одан не-тихө жоқ, қайта күн өткен сайын үдеп барады. Демек, адамның санасы өзгермей, анығырақ айт-қанда, адасып жүрген халқымыз бұрынғы бабалар жолын тауып, сол соқпаққа қайта түспейінше, өлік жөнелтудің қазактың ұғымына сыйымды, танымына тән дәстүрлі

жолын да білмейді, ысырапшылдық та тыйылмайды. Бірақ, қара аспанды төндіріп, самарқанды су алдыра беруге де Құдайдан қорқасың. Қазірде кейбір ауылдарда қазалы үйге лезде жиылып, сол үйдің айналасында тікесінен тік тұрып қызмет етіп, келген қонақтарды жөнімен күтіп алып, жолымен шығарып салып тұрған жастарды көргенде іштей сүйсінесің. Әлгі үйдің алыстан келген құда-жекежатын ауылдағы «үлкен үйлерге» түсіріп, жайғап жатады. Сол өзге өңірлерден келген қонақтардың ауылдарына аттанып бара жатқанда «бәрекелді, дәстүрге мықты ел екен» деген ризашылық сөздерін естігенде де бір қуанып, марқайып қалады екенсің.

Ал, енді қазақ үшін тойдың жөні бөлек. Тойға шашылған дүние-мүлікті халқымыз шығын деп есептемеген және оған ешқандай өкініш білдірмеген. Өйткені, қазақтың ең үлкен ақ желкен арманы да, қалай да жетемін деп алдына қойған ұлы мақсаты да, мойнына аманат етіп арқалап жүрген ауыр міндеті де — ұрпағына ұлан-асыр той жасау болатын және бүкіл ғұмырында бейнетпен тірнектеп жигандарын сол тойға шашып жұмсау еді. Содан бері халқымызда «жиганың тойыңа шашылуың» деген тілек сөз қалыптасқан. Ақын Қадыр Мырза Әлі «Қазақтардың шетелдік қонақтарға таныстыру» деген өлеңінде «қазақ осы дүние мен малынды, оңды-солды шашу үшін жинайтын» деп халқымыздың пейілі мен тұрмысына дәл сипаттама



Қаралы үй қазан көтермейді немесе той жасаудағы бәсеке

береді. Иә, бұл біздің халқымыздың жаратылысындағы дархандығы мен сол көңдігіне қарай Құдайдың қызға кіршіксіз көңілі еді. Расында, әрбір қазақ үшін өмірін жалғастыратын балаларынан, ұрпақтарынан қымбат кім бар? Жиганың соларға шашпа-ғанда кімге шашады енді?! Біздің болмысымыздың бүтін кезінде әрбір қазақ расымен өз өмірлерінің мән-мағынасын балаларының қуанышымен, шаттығымен, олардың келешегімен көшеуші еді. Ал, өкінішке қарай, бүгінгі тойлардағы шашылуудың, жойдасыз ысыраптың жөні мүлдем басқа...

Бүгінгі қазақ қоғамында жосық-сыз бір-бірімен бәсекелес орта қалыптасты. Жоқ-жітік жандарға төбесінен қоқилана қарайтын ауқат-

ты тап өкілдері адал-арамнан жиган байлығын тек өз орталарында мақтанаш ұшң, өзгелердің қызға-нышын ояту мақсатында көрсетіп қалғысы келіп жанталасып жүр. Екі мыңыншы жылдары Алатаудың етегінен өн жайлап, жалғыз өзі өңіліп алған, бірақ, қазақ қандас-тарына қайырым қылмаған бір байдың ұлының тойында аспан-нан тікұшақпен айналып жүріп ауылының үстінен бума-бума ақша шашқанын да естігенбіз. Ол аз десеңіз, Астандағы ең үлкен, ең қымбат мейрамханада өтіп жатқан бір ұлы тойда бай-бағландар үйленіп жатқан жас жұбайларға бір-бірімен жарыса, бір-бірінен асыра Қазақстанның табиғаты көркем өңірлерінен, тіпті қызға келе

бір дарақылары шетелдерден шұ-райлы жерлер сыйға тартудан бәсекеге түскенін де жарыса жазды басылымдар. Ол аз десеңіз, дәл сол қайырсыз қазақтардың тойында байлығына мастанып, өзін ғаламның қожайыны санап, әбден есіріп алған бір антұрғанның «Маған сөңдер Құдайдың мекен-жайын айтыңдар, мен Құдайдың өзін сатып алып, сыйға тартамын сөңдерге» дегенін де қазақтың құлағы естіді.

Міне, қазіргі қазақтың тойының сикы осы. Қазір біз балапарымыздың қуанышына дүние шашу үшін емес, байлығымызды жалпақ жұртқа жария қылып, мақтану үшін той жасайтын болдық. Миллиондап ақша шығарып, қымбат мейрамхана таңдап, миллиардтап ақша жұмсап,

танымал әншілерді жалдап той жасаудан жарысқа түстік. Мақұл, артық қоры бар адам ақшасының орнын толтырар, ал сол бай-бағландардан қалмайын деп несие алып, қарызға батып той жасайтындарды қалай түсінуге болады?

Қысқасын айтқанда, қазіргі той-лар балаларына ағайынның, ақ тілеулі алқалы жұрттың батасын алу үшін емес, қалталылардың көңілінен шығып, көпшілікке күліну үшін жасалып жүр. Ал ондай тойдың ысырапшылдығынан бөлек, қайыры да бола бермейді. Соны ойланғанымыз жөн.

Қуат АДИС

Қазақ болмысы

Қара шаңыраққа құрмет

Кез келген халықтың сонау ықылым заманнан қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, өнері, салт-санасы, тілі мен діні болады. Осылардың жиынтығы айналып келгенде сол халықтың бет-бейнесің, болмыс-бітімін айқындап, қысқаша айтқанда, «мәдениет» деген ұғымды қалыптастырады. Халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүріндегі қасиетті ұғымдарының бірі — қара шаңырақ.

Біз жақында Жалағаш кентіндегі құрылысы ерекше үй туралы қысқаша ғана 2 минуттық бейнеролик түсіріп, жариялағанбыз. Оқырмандар тарапы-нан жақсы бағаланып, көпшіліктің қызығушылығын тудырып жатыр екен. Ол туралы сәл кеңінірек...

Адамзатқа пана болған жұмырт-қадай жер шарында өмір сүріп отырған адамдарға да пана керек, алдымен тарихтың терең қойнауына үңілсек...

Кең-байтақ қазақ жерін мекендеген ежелгі адамдардың пайда болуы, олардың қоныстануын бірнеше мер-зімге бөліп қарастырамыз. Ал алғашқы адамдардың қоныстану тарихына үңілсек, ежелгі адамдар азық табу мен жабайы жануарлардан қорғану үшін топтасып, яғни тобыр болып өмір сүрген. Олардың тұңғыш баспаналары тау жартастарындағы үңір болған.

Кейінірек, яғни қола дәуірінде қалыптасқан Андронов мәдениеті кезеңінде көшпелі шаруашылық дамы-ған, сол кезде кәдімгі киіз үй пайда болған. Табиғатпен етене жақын көшпелілердің өзіндік рухани мәдениеті қалыптасты. Көшпелілердің салт-дәстүріндегі табиғаттың үйлесімдігін сақтау, аруақты құрметтеу, сөз қадірін түсіну, ата салты, ұлағатты қағидалары рухани мәдениеттің ерекше үлгілері болып табылады. Көшпелілердің бай фольклоры, аңыз, әңсәналары болды. Оларда әлем, оның құрылымы туралы күрделі түсініктер сипатталған. Ерте темір дәуірінде тұрғын үйлер түрлі табиғи материалдардан, шымнан, шикі қам кесектен ағаштан, тастан салынған келелер, негізінен қыстаулар салынды. Алайда мал шаруашылығын игеруге байланысты көшпелілердің негізгі баспанасы тұрмысқа қолайлы, көшіп-қонуға ыңғайлы киіз үй болды. Тіпті қазақтың адам жерлеу ғұрпында да киіз үй секілді күмбезді кесенелер салына бастады.

Қазақтың киіз үйі, оның құрылысы, материалы, үйдің іші-сыртына тұлпы-тан түрлі бұйымдары, жиһаздары, т.б. егжей-тегжейлі талай этнограф, саяхатшы ғалымдар тамасана жазып кетті. Солардың бірі 1253 жылы қазақ

даласын басып өтіп үш хан ордасын (Бату, Сартақ, Мөңке) өз кезімен көрген францискандық монах Г.Рубруктың естеліктерінде: «...Ол ауыл ханға келген елшілерді қабылдау үшін тұрғызылған ауыл боп шықты. Біз сол бекіністе бір қонып шығып, Бату ордасына тіке жүріп кеттік. Батудың 26 әйелі бар, ол әйелдері өзімен бірге көшіп жүреді. Олардың сансыз қызметкерлері бар. Жыпырлаған үй. Киіз үйлерді өгіздер сүйреп келеді. Мен бір сүйретке үйді сүйреп келе жатқан 22 өгізді санап үлгердім. Өгіз айдаушы арбалы үй жанында тұрып, ысқырып шықырып келеді. Батудың үлкен әйелі көшті тоқтатып, үйін оң жағына тіксе, қалғандары дереу өз орындарын тауып бір алаңқайды үйлерімен жыпырлай қоршап тұра қалады екен. Әркім өз орнын білді. Темірдей тәртіп. Ол алаңқайды бұлар Орта деп атайды. Бұлардың Орда деген сөзі де осыдан шыққан» деп жазады.

Бағдаттан 920 жылы аттанған сая-хатшы һәм географ Ахмет ибн Фад-лан бастаған елшілік Арал теңізі, Шалқар көлі, Өлеңті, Аңқаты өзенде-рінің маңынан өткенде сол жердегі көшпелілер деңгелек киіз үйде тұраты-нын айтты, киіз үйдің сол сияқты күрке, шатыр, үйлерден артықшылықтарын көрсетіп жазғандарына қарағанда, X ғасырдағы киіз үйлердің XX ғасыр басындағы қазақ киіз үйлерінен бірде-бір айырмашылығы жоқ екені байқалады. Сол өлкені (қазіргі қазақ жері) мекен ететін елдің үстіне үй тігілген арбасын Ибн Батутта былай суреттеген: «Дөңгелекті құрылғыны олар «карба» деп атайды. Көпдеңгелекті арбаның үстіне тұрғызғаны — бір-біріне қайыспен байластырылған ағаштардан құрастырылған күмбез сияқты қаңқа» (Д.Майдар, Д.Пюреев. От кочевой до мобильной архитектуры. М., 1980. 21-бет).

Одан бөлек қазақтың көптеген этнограф ғалымдары А.Сейдімбаев, Ө.Жәнібеков, С.Кенжеахметұлы, А.Жүнісұлы, А.Харғынбаев, С.Назар-бекұлы, т.б. киіз үй туралы егжей-

тегжейлі зерттеп, көлемді еңбектер жазып қалдырған. Жалпы айтқанда киіз үйдің құрылысы, сипаты, бөл-шектері, жиһаздары, т.б. тоқталып, оқырманның алтын уақытын ұрла-майық. Ол туралы тереңірек білгісі келген жандар болса жоғарыдағы авторлардың кітаптарынан тауып оқуға болады. Біздің мақсатымыз ойтүрткі салу ғана.

«Шығу тарихы біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді біздің халық қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй қазақтың тұрағы, құты, мекенжайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағаланады. Әрине, киіз үйді әркім біледі, бағалайды. Шынында да аргы-бергі тарихымыз бен мәдениетімізді зерделей қарасақ, киіз үйіміздің атқарған қызметі мен рөлі өте зор екеніне көз жеткіземіз. Оған қарап отырсақ, бірнеше жүздеген мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыздың ақыл-ойы, тұрмыс мәдениеті, тал-ғамы еш халықтан кем емес екен. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық білкі-тілігі, мәдениет пен өнердегі талғамы — жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады» (Қазақ хал-қының тұрмысы мен мәдениеті. С.Кенжеахметұлы, «Алматы кітап» ЖШС, 2006 ж.).

Иә, уақыт бір орында тұрмайды. Заман жылжып, адамдар еркеніетті өмірге ұмтылады. Бұл күнде әлемде құрылыс қарқыны ерекше дамып келеді. Қала құрылысының жоспар-ланған алып көлемдері, сәулеттік келбетінің әсемдігі ол қоғамдағы экономикалық, саяси және интелле-туалдық дамудың көрсеткіші болып табылады. Алайда құрылыс саласы қанша қарқынды дамып келе жатса да, қазақтың киіз үй үлгісіндегі күмбезді ғимараттар еш қалыс қалған емес. Мысалы, Астанадағы Ақорда, АҚШ-тағы Ақ үй, т.б. Тіпті сан ғасырлардан бері құрылысы үзгілмей жалғасын тауып келе жатқан әлемдегі барлық діни ғибадат орындары мешіт, шіркеу, храм,

т.б. қолданыстан түскен жоқ. Бұлардың барлығы сайып келгенде қазақ жерінде, яғни қазақтың киіз үйінен бастау алған десек қателеспеспіз. Бүгінде киіз үйді ауылдық жерлерде немесе музейден тамашалайтын болдық.

Енді осы мақаламызды жазуға арқау болған негізгі тақырыпқа қайта оралайық. Осыдан тура бір ғасырдай уақыт бұрын Жалағаш өңірінде Кіші жүз Жетіруға жататын музейден тамашалайтын болдық. Енді осы мақаламызды жазуға арқау болған негізгі тақырыпқа қайта оралайық. Осыдан тура бір ғасырдай уақыт бұрын Жалағаш өңірінде Кіші жүз Жетіруға жататын музейден тамашалайтын болдық. Енді осы мақаламызды жазуға арқау болған негізгі тақырыпқа қайта оралайық. Осыдан тура бір ғасырдай уақыт бұрын Жалағаш өңірінде Кіші жүз Жетіруға жататын музейден тамашалайтын болдық.

Бір күндері Алғаш ақсақалдың он перзентінің бір, бүгінде Алматы қаласында тұратын Асыл ағамыздың түсіне анасы кіреді. Еміс-еміс есінде қалғаны аққимешектегі ана «Ай, балам, шаңырағыңды құлатпа, шаңырақты сақта» деп айтқандай болды. Бұдан кейін Асыл ағамыз бейжай қарап отыра алмады. Дәреу жолға жиналып, мың шақырымнан астам жердегі өзі туып-өскен Жалағашына қарай жол тартты. Елге келе сала бір кездері өзі асыр салып ойнап өскен қара шаңырақтың орнына бір мал Құдай жолы беріп, әке-шешесіне құран оқытып, ақсақал-дардың батасын алды.

Бұл бытыр көктемгі жаймашуақ мезгілдегі сәуір айы еді. Асыл ағамыз шаңырақтың орнында отырған



қарындасы Кенжегүл мен күйеу баласы Бейбітпен және жиендерімен ойласа келе, ескі үйдің орнына қараша үйі үлгісінде шеңбер тәрзіді етіп үй салуды жоспарлайды. Сонымен ерекше үйдің архитектуралық сызбасы да дайын болды. Көп ұзамай құрылыс та қызу басталып кетті. Мүмкіндігінше табиғи материалдарды пайдалануға тырысты. Қолдан кесек қийдырып, дөңгелекнен қабырға да өрілді. Енді жоғарғы жағын күмбез етіп шығару үшін біраз ойланды. Аудандағы білікті шебер ұсталармен ақылдаса келе ол да ойдағыдай аяқталды. Үй негізінен бас бөлмеден тұрады, кіреді ауызғы бөлме, үлкен қонақ үй, жатын бөлме, асхана және жуынатын жер. Үйдің ішіне ауызсу, газ кіргізіліп, еден астынан жылу жүйесі жүргізілген. Ендігі жұмыстары үйдің ішін ұлттық нақышта бөзөңдіріп, тағы да басқа қажетті керек-жабдықтармен жабдықтау ғана қалып тұр.

«Қазақ халқына ұлттық өнер мен ұлттың төл заттарын сақтап қалу үшін не істейміз деген мәселеге оңай жауап беру қиын мәселе емес. Қазақ халқының болмысы — өзінің киіз үйі мен әдет-ғұрпында! Қазақ халқының жаны-тәні — күйі мен әнінде! Қазақ халқының рухы — көленері мен көсібінде! Қазақ халқы қазақ атын алып жүремін десе, осы нәрселерді жоғалтпаса болғаны. Ел өз болмысы, өз тілі, өз өнерімен ғана ұлт атанады. Қазақтар да сол ұлттық ерекшеліктерін сақтай, дамыта жүріп қазақ атанса керек. Болмысы батыстанған, өнері әлемденген «Жаңа

қазақтар» мен «асфальт қазақтар» қазақтың өнері мен әдет-ғұрпына мемлекеттік қамқорлық қушейген кезде өз ортасына қайта оралатын болады. Ұлттық болмысқа, ұлттық өнерге мемлекеттік қамқорлық қол жеткізуге асырылады деген сұраққа тек қана заң қабылдап арқылы деп жауап берер едік. Сәулет және құрылыс басқармаларың, жобалау мекемелерің және жобалауға қатысатын шетел фирмаларын қалалық, ауылдық, жол бойы ғимараттарын жобалау кезінде негізге алаптық заң тәрмақтарымен қаруландыратын уақыты жетті, жеткен жоқ, етіп барады. Оларды міндетті түрде ұлттық сәулет пен ұлттық көленер болме, асхана және жуынатын жер. Үйдің ішіне ауызсу, газ кіргізіліп, еден астынан жылу жүйесі жүргізілген. Ендігі жұмыстары үйдің ішін ұлттық нақышта бөзөңдіріп, тағы да басқа қажетті керек-жабдықтармен жабдықтау ғана қалып тұр.

Сөзімізді қорытындылай келе, бүгінде әлемдік мәдениеттер тоғы-сып, жаһандану үдерісі жүріп жатқан заманда ұрпақтан-ұрпаққа әкенің қанымен, ананың ақ сүтімен беріліп келе жатқан осы қасиеттерді сақтап, тектілігімізді жоғалтпау — бүгінгі бұын біз үшін аманат. Осындай ұлттық құндылықтарымызды көздің қара-шығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа аманаттап табыстау әрбір азаматтың парызы деп санаймыз.

А.БАЙҚАБЫЛОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Т куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес КЗ.43.10318.07.03.01.178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шыады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Қуат Ахетов